

«БЕКІТЕМІН»

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы РМҚК
Бас директоры**

_____ **С.Садықов**

« ___ » _____ **2021 ж.**

**«БОЛАШАҚҚА – БІЛІМДІ, ДЕНІ САУ ҰРПАҚ!» ҰРАНЫМЕН 1-10
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТТЫҚ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ
ЭСТАФЕТАНЫ ӨТКІЗУ
ЕРЕЖЕСІ**

2022 ЖЫЛ

Мазмұны

1 Бөлім. Жалпы ережелер

- «Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ!» ұранымен 1-10 сынып оқушылары арасында республикалық спорттық - интеллектуалдық эстафета (бұдан әрі - **Эстафета**) оқушылар арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ережелері негізінде өткізіледі.
- Осы Ереже **Эстафетаның** мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландырылуын айқындайды.

1 Тарау Мақсаты мен міндеттері

- оқушыларды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;
- инновациялық компьютерлік технологияларды, дене шынықтыру және спорт бөлімдерін пайдалана отырып, жалпы білім беретін пәндерді меңгеру;
- мектеп оқушыларының физикалық, психологиялық, ақыл-ой өрісінің дамуын жетілдіру;
- оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, эмоционалдық, психологиялық денсаулық жағдайын нығайту;
- оқушылардың ішкі ағзасының, бұлшықеттердің, қанайналым, тыныс алу жүйесінің, ақыл-ой қабілеттерінің, физиологиясының дамуына дене шынықтыру бөлімдерін қолдану;
- икемділік, жылдамдық, иілгіштік, шыдамдылық күшін нығайту және дамыту;
- оқушылар арасында достық қарым-қатынасты орнату, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

2 тарау Ұйымдастырылуы мен өткізілуі

2.1 **Эстафетаны** ұйымдастыруға және өткізуге тікелей жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық ғылыми – практикалық дене тәрбиесі орталығы (бұдан әрі - ҰҒПДТО) жүзеге асырады.

2.2 **Эстафетаның** мектепшілік және аудандық/қалалық іріктеу кезеңдерін өткізуге жауапкершілік аудандық және қалалық білім бөлімдеріне, спорт бөлімдеріне және білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

2.3 **Эстафетаның** облыстық кезеңін спорттық базамен (спорт зал және т.б) қамтамасыз етуді облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының Білім беру басқармалары жүзеге асырады.

2.4 **Эстафетаның** республикалық кезеңін ҰҒПДТО жүзеге асырады.

2.5 **Эстафетаның** кезеңдерін өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады.

Эстафетаның Ұйымдастыру комитеті:

- жарыстарға қатысуға өтінімдер қабылдайды;
- жарыстарды өткізу кестесін анықтайды;
- кестеде көрсетілген мерзімнен бір ай бұрын жарыстардың өткізу кестесіне өзгерістер енгізеді;
- командалар мен қатысушыларды жарыстарға жіберу жөнінде комиссия құрады;
- Бас төрешілер және төрешілер алқасының құрамын бекітеді;
- жарысқа қатысушылардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеді;
- жарыстың кезеңдерін өткізу туралы есептер дайындайды.

2.6 Мандаттық комиссияның өткізілуіне және республикалық кезеңді ұйымдастыруға ҰҒПДТО мен өңірлік дене шынықтыру орталықтары жауапты болып табылады.

2 Бөлім. Өткізу шарттары

3 тарау Өткізу орны мен мерзімі

3.1 Эстафета төрт кезеңде өткізіледі:

1 кезең: **мектепшілік** іріктеу – сыныптар арасындағы жарыстар.

Мақсаты:

- Мектеп құрама командасын қалыптастыру, мектеп деңгейінде жеңімпаздарды анықтау (*мектеп біріншілігі*).

Мектепшілік іріктеу кезеңі өткізіледі.

Іріктеу кезеңін – сынып – командалар арасында спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуді білім беру ұйымының басшысы үйлестіреді.

2 кезең: **аудандық / қалалық** – қалалық, аудандық мектептер арасындағы жарыстар.

Аудандық/қалалық іріктеу кезеңі өткізіледі.

Мақсаты:

- Аудан, қала деңгейінде жеңімпаздарды анықтау.

Жарысқа қатысуға өтінім берген командалар айналым жүйесі бойынша ойнайды. 1 - орын алған командалар жарыстың 3 кезеңіне жіберіледі.

3 кезең облыстық – жарыс екінші кезеңнің жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Мақсаты:

- Облыстық деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау (*облыс біріншілігі*)

Облыстық іріктеу кезеңі өткізіледі.

Облыстық кезеңде аудандық және қалалық командалар арасында жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуді Білім басқармасы және өңірлік дене шынықтыру орталықтары үйлестіреді. (*облыстық кезеңге қатысушылар ҰҒПДТО сайтында тіркеледі*).

4 кезең республикалық – ақтық – үшінші кезең хаттамасын ұсыну бойынша үшінші кезең жеңімпаздары арасында өткізіледі.

3.2 Эстафетаны өткізу:

Қатысушылар	Өткізу мерзімі			Өкіл	Жаттықтырушы	Төреші	Өткізу орны
	КК	ЖК	КК ¹				
1-10 сыныптар	1.08	2- 5.08	6.08	1	1	1	«Атырау»

Ескерту: КК – келу күні

ЖК – жарыс күндері

КК¹ - кету күні

4 тарау Эстафетаның қатысушылары мен шарттары

4.1 Сақтандыруға жауапты – білім басқармасының басшылары, дене шынықтыру мұғалімдері. Жарыс кезінде спортшылардың денсаулығы мен жол қозғалысы қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда өкілдеріне, дене шынықтыру педагогтері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

4.2 Жарысқа қатысатын жалпы білім беретін мектеп командасының өзіндік логотипі және бірыңғай спорттық формасы болуы тиіс.

4.3 Жарыстар кезінде дене шынықтыру педагогы, команда өкілі және өзге де адамдар алаңға шықпайды.

4.4 Команда құрамында әрбір сыныптан 1 – ұл, 1-қыз, барлығы 10 ұл+10 қыз.

4.5 Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Сапта бірінші болып 1 сыныптың ұлы мен қызы бастап тұрады, әрі қарай сынып бойынша;
- Әрбір оқушының кеудесінде сынып нөмірі болуы керек;
- Команда құрамы бірдей спорттық формамен қатысуы тиіс.

4.6 **Эстафета** 10 баллдық шкала бойынша бағаланады, ойында әрбір кате үшін 1 баллдан алынады.

4.7 Команда жанында **Эстафета** кезінде өтінімде көрсетілген 1 өкіл, 1 жаттықтырушы спорттық формада болуы тиіс, ережені бұзғаны үшін ойын алаңынан шығарылады. Команда өкілі команда атауы көрсетілген штандартты қолдарында ұстайды. Осы шарттарды сақтамағаны үшін командадан 1 ұпай алынады.

4.8 Шағымдарды команда өкілі жазбаша түрде командасының ойыны аяқталғаннан кейін 15 минут ішінде бере алады.

4.9 Команданың ресми өкілінен басқа спорт алаңына немесе төрешілердің жанына бөгде адамдар келсе, әрбір бұзушылық үшін 1 ұпай алынады.

4.10 Команданың әрбір қатысушысының сақтандыру полисі болуы тиіс. Сақтандыру полисі болмаған жағдайда қатысушы ойынға жіберілмейді.

Жарыстарға 1-10 сынып оқушылары қатысады (*11 сыныптың оқушысы жарысқа қатыса алмайды*).

4.11 Эстафетаны беру старт сызығында эстафетаның кезекті қатысушысының қолымен тию арқылы беріледі, бұзғаны үшін 1 ұпай алынады.

4.12 Жарыс кезеңдерін ұйымдастыруға және өткізуге жауаптылар қамтамасыз етуі тиіс:

- жарыстарды өткізу тәртібі мен қауіпсіздігі;
- қызмет көрсетуші персоналдың болуы (медицина қызметкерлері, төрешілер, техникалық персонал);
- жарыстарды өткізу кестесі.

4.13 Әрбір кезеңнің қорытындысы бойынша Ұйымдастыру комитеті Жоғары тұрған құрылымдық бөлімшелерге жарыстарды өткізу туралы есептерді (*фотосуреттер, бейнематериалдар*) жібереді.

5 тарау. Эстафетаға қатысуға өтінім

5.1 Эстафета кезеңдеріне қатысуға алдын - ала өтінімдер жарыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірілмей беріледі.

Өтінімде білім бөлімі басшысының қолы мен мөрі, қатысушының дәрігерден өткен рұқсаты әр баланың тұсына қолы мен мөрі міндетті түрде болуы керек; (*1,2 қосымшаға сәйкес*).

5.2 Эстафетаның 4 –ші кезеңіне (республикалық кезең) қатысуға өтінімдер ҰҒПДТО-ның сайтына (өтінім, спортшының жеке карточкасы) беріледі.

5.3 Мандаттық комиссияға мынадай құжаттар ұсынылады:

- стандартты үлгідегі өтінім;
- спортшының жеке карточкасы;
- туу туралы куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі) болуы тиіс;
- білім беру ұйымының оқушылар өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік туралы бұйрығы;
- сақтандыру полисі.

6 тарау. Наразылық

6.1 Наразылықты бас төрешілер алқасына (бұдан әрі - БТА) команда өкілі жарыс аяғынан кейін 1 сағат ішінде өңірлік дене шынықтыру орталығы басшылығының келісімі бойынша жазбаша нысанда береді.

6.2 Жарыс нәтижелерімен келіспеген жағдайда команда капитаны хаттамаға қол қоймауға құқылы және наразылықты БТА-нің қарауына береді.

6.3 БТА наразылықты оны бергеннен кейін 1 сағат ішінде қарайды және өтініш берушіге тексеру нәтижелерін хабарлайды.

6.4 Командалар қалыптастыру ережелерінің бұзылғаны, өтінімді дұрыс ресімделгені расталған жағдайда мектеп командасы жарыстан шығарылады.

7 тарау. Эстафета қатысушыларын марапаттау

7.1 **Эстафетаның** жеңімпаз командасы мен жүлдегерлері жарыстың төртінші кезеңінің қорытындысы бойынша анықталады.

7.2 Төртінші кезеңнің финалдық жарыстарында 1,2,3 – орын алған командалар ҰҒПДТО тиісті дәрежелері бойынша кубоктарымен, дипломдарымен марапатталады.

7.3 **Эстафетаның** жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ҰҒПДТО өкілдері марапаттайды.

7.4 **Эстафетаның** өткізілген жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық орындар 1-ден 3 ке дейін бөлек анықталады.

7.5 Жарыстардың жүлдегерлерін дайындаған командалардың жаттықтырушылары ҰҒПДТО тиісті дәрежелерінің медальдарымен, дипломдарымен марапатталады.

3 Бөлім. Эстафетаны қаржыландыру

8 тарау. Эстафетаны қаржыландыру

8.1 **Эстафетаның** бірінші, екінші және үшінші кезеңдерінің шығындарын аудандық, қалалық, облыстық білім беру басқармалары көтереді.

8.2 Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және команда өкілінің іссапар шығындары (жататын орны, тамақтану, тәуліктік жол жүру) Білім беру басқармаларына жүктеледі.

8.3 ҰҒПДТО – на төртінші кезеңнің шығындары жүктеледі:

- төрешілер алқасына, медициналық және қызмет көрсету персоналының жұмысына ақы төлеу;
- медальдар, кубоктар, дипломдар, кеңсе тауарлары, дәрі –дәрмектер сатып алу, баннер жасау және т.б

Қосымша № 1

«Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен 1-10 сынып оқушылары арасында республикалық спорттық-интеллектуалдық эстафетасына қатысу үшін берілетін

ӨТІНІШ

Қала, облыс _____

_____ (мектеп атауы)

р/с	Қатысушының аты жөні	Туған жылы	Сыныбы	Дене тәрбиесі мұғалімінің аты-жөні	Дәрігер рұқсат етуі (қолы, мөрі)

М.О

Дәрігер _____ (қолы, мөрі)

Білім беру бөлімінің басшысы _____

(А.Т.Ә., қолы, мөрі)

«___» _____ 20__ ж.



**«Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен 1-10 сынып
арасында республикалық спорттық-интеллектуалдық
эстафетасына қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

М.О.

(мектептің мөрі фотосуреттің оң жақ бұрышына басылады)

Мектептің атауы _____

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Сыныбы _____

Мектеп директоры _____

(А.Т.Ә., қолы, мөрі)

**«Болашаққа-білімді, дені сау ұрпақ!» ұранымен 1-10 сынып
оқушыларының арасында республикалық спорттық –
интеллектуалдық эстафетаны өткізу БАҒДАРЛАМАСЫ**

1 сынып

Спорттық тапсырма: қатысушы матадан жасалған туннельден өтіп, кеглидің арасымен жүгіріп, компьютерге дейін барады.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала 15 метр ара қашықтықта велосипедпен белгіге дейін барып, сонан соң компьютерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала тапсырманы кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді.

2 сынып


Спорттық тапсырма: ұл бала 15 метр ара қашықтықта велосипедпен белгіге дейін барып, сонан соң компьютерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді.

3 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала «Лабиринт» кедергісінен өтіп шығып, компьютерге дейін жүгіріп барады.



Интеллектуалдық тапсырма: ұл бала компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді.

4 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала гимнастикалық секіртпемен (скакалка) басынан бастап аяғынан айналдыра секіріп, ортадағы сызыққа дейін жүгіріп барады, кейін секіртпені шығыршықтың (гимнастикалық обруч) ортасына тастап, компьютерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында төрт көрсетілген екі таңбалы сандарды есте сақтап, (мысалы: 49, 53, 85, 96 т.б.) дұрыс жауабын көрсетеді.

Спорттық тапсырма: ұл бала қапшықты беліне дейін киген күйінде командасына секіріп қайтып, эстафетаны қызға береді.

5 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала самокатты тебе отырып, кеглидің арасымен өту арқылы белгіге дейін барып, компьютерге дейін жүгіреді.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында үш көрсетілген үш таңбалы сандарды есте сақтап, (мысалы: 473, 572, 584, т.б.) дұрыс жауабын көрсетеді.

Спорттық тапсырма: ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді.

6 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала хоккей клюшкісімен допты кеглилердің арасымен жылжытып, клюшкі мен допты шығыршықтың (гимнастикалық обруч) ішіне салады да, компьютерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала баскетбол добын кеглидің арасымен жерге соға жүгіріп, допты шығыршықтың (гимнастикалық обруч) ішіне салады да, эстафетаны қыз балаға береді.

7 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала гимнастикалық матыға дейін жүгіріп барып, 2 рет баспен алға қарай домалап, содан кейін ағаш аттан (козелдан) секіреді де, компьютерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді

8 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала футбол добын кеглидің арасымен аяғымен алға жылжыта теуіп, допты қолмен шығыршықтың ішіне салады, содан кейін компьютерге дейін жүгіріп барады.



Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: баскетбол добын жерге соға жүгіріп келіп, бір мәртеден себетке (кольцо) дәл түсіру керек.

9 сынып

Спорттық тапсырма: ұл бала ләңгіні бір мәртеден 5 рет аяқпен тебеді, содан кейін бір қатарда құрылып тұрған асықты бірінші тигізгенге дейін үш мәрте атады да, компьютерге дейін жүгіріп барады.

Қыз бала еденде жеті шаршыдан сызулы тұрған «классик» ойынының үстімен секіріп, бірінші шаршыға бір аяқпен секіріп, содан кейін екінші қатардағы қос шаршыға екі аяқпен тең түсіп, дәл осылай қалған шаршылардан өтіп шығып, содан кейін бірден онға дейін сызулы тұрған шаршы классик ойынын бір аяқпен, макты бірінші шаршыдан, бесінші шаршы аралығында жылжыту арқылы ойнап шығады да, компьютерге дейін жүгіріп барады.



3		8
4		7
5		6



Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

Спорттық тапсырма: ұл бала тапсырманы кері қарай өзгеріссіз орындап, эстафетаны қыз балаға береді.

10 сынып

Спорттық тапсырма: Мәреде тұрған ұл бала газтұмылдырғышты киіп, үстелге жүгіріп келеді, газтұмылдырғышты шешіп сөмкеге салады да, Калашников автоматын бөлшектеп, содан кейін компьютерге дейін жүгіріп барады

Интеллектуалдық тапсырма: компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді

Спорттық тапсырма: тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындап, , эстафетаны қыз балаға береді.

Ескерту: Жарысқа 1-10 –шы сыныптардан 1 ұл, 1 қыздан қатынасады.

Барлығы: 10 ұл, 10 қыз қатысады.

Эстафетаны бірінші болып ұл балдар бастайды.

Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы

Директордың орынбасары: С.Ж.Махамбетова тел-87777754913

Дене тәрбиесінен бас жаттықтырушы: А.Ғ.Ғабитова тел - 87751862578

